## Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысын бекіту туралы

Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 7 қаулысы. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 17 ақпанда № 4645 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 6 бабының 4 тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, Астрахан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған, Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Қ.Қожахметке жүктелсін.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының әрекеті туындаған 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап құқықтық қатынастарға таралады.

Ескерту. Қаулы 4-тармақпен толықтырылды - Ақмола облысы Астрахан ауданы әкімдігінің 08.06.2015 № 133 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

| | |
|---|---|
| *Астрахан ауданының әкімі* | *Т.Ерсейітов* |

Астрахан ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 20 қаңтардағы № 7 қаулысымен бекітілген

## Астрахан ауданы бойынша 2015 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерінің мемлекеттік тапсырысы

| Ауданның атауы | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы тәрбиеленушілердің с а н ы | | | | Мектепке дейінгі ұйымдардағы айына қаржыландырудың мөлшері (теңге) | | Бір тәрбиеленушіге айына жұмсалатын шығындардың орташа құны (теңге) | | | | Мек айы |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Балабақша | | Толық күн тәртібінде жұмыс істейтін шағын орталықтар | Толық емес күн тәртібімен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар | Балабақша | | Балабақша | | Толық күн тәртібінде жұ мыс істей тін ша ғын орталықтар | Толық емес күн тәртібі мен жұмыс істейтін мектептің жанындағы шағын орталықтар | Бал |
| | Мемлекеттік | Жеке меншік | | | мемлекеттік | Жеке меншік | мемлекеттік | Жеке меншік | | | мем |
| Астра хан ауда ны | 160 | 0 | 0 | 242 | 21476 | 0 | 21476 | 0 | 0 | 6762 | 660 |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК